

## Қазақстан Республикасында тау-кен-металлургия саласын дамытудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 мамырдағы N 376 Қаулысы

Қазақстан Республикасында тау-кен-металлургия саласын дамыту және ел экономикасына инвестициялар тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

"ENRC Eurasian Natural Resources Corporation" акционерлік компаниясымен бірлесіп, Қазақстан Республикасының қатысумен Ұлыбритания аумағында құрылатын компанияның (бұдан әрі - Компания) жарғылық капиталын төлеуге Компанияның бағалы қағаздарын халықаралық және қазақстандық қор нарықтарына шығару үшін "Қазхром" трансұлттық компаниясы", "Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі", "Еуразия энергетикалық корпорациясы" акционерлік қоғамдары акцияларының мемлекеттік пакеттерін беруді;

мемлекет мүдделеріне қысым жасалуына жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда, Әділет, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрліктерімен, сондай-ақ тәуелсіз шетелдік сарапшылармен бірлесіп, Компанияны құру және оның жұмыс істеуі кезінде мемлекеттік мүдделердің сақталуын көздейтін Компания акционерлерінің арасындағы Келісімді (бұдан әрі - Келісім) әзірлеуді, оның ішінде Келісімге Компанияның бағалы қағаздарын халықаралық қор нарығына шығарғанға дейін қолданылатын ерекше ("алтын") акция туралы ережені қосуды;

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Келісімге, сондай-ақ Компанияның құрылтай құжаттарына қол қояды;

осы қаулының 2-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының 2-тармағында көрсетілген қорытындыны ұсынуды;

осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

2. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес "Credit Suisse Securities (Europe) Limited" компаниясы Компанияның жарғылық капиталы төленетін акцияларды бағалауға қатысты қорытынды беру жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК